



ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы



**ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ХАТТАМАСЫ
«ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІ,
ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАЙЫҚ ӨЗ. (ОРАЛ ӨЗ.) АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**

Орал қ.

Офлайн и онлайн

2022 жылғы 19-20 шілде

Төрағалық етті:

Сүлейменова Зульфия Болатқызы – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, Жайық өзенінің трансшекаралық бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының тең төрағасы

Хатшы:

Мырзабекова Жұлдыз Еслямбекқызы – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті экологиялық Ақпарат және талдау басқармасының басшысы

Қатысқандар:

Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, өңірлік Орхус орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық және халықаралық сарапшылар (тізім бойынша)

1. «Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің қазіргі жағдайын бағалау» тақырыбындағы бірінші сессия аясында келесі мәселелер талқыланды:

- 1) Дакардағы 9-шы Дүниежүзілік су форумының негізгі қорытындылары туралы;
- 2) трансшекаралық өзендерге жүргізілген мемлекеттік мониторингтің жай-күйі мен нәтижелері туралы ақпарат;
- 3) Жайық өзенінің гидрологиялық-гидрохимиялық жай-күйін қазіргі заманғы бағалау туралы;
- 4) Шу және Талас өзендері бассейндеріндегі кернеулер динамикасы. Қорытындылар мен ұсыныстар.

«Қазақстан өзендерінің проблемалық сұрақтар бойынша халықтың ақпаратқа қолжетімділігі» тақырыбындағы екінші сессия аясында келесі мәселелер талқыланды:

- 1) Орал өзені бойынша ғылыми ынтымақтастықтың перспективалары туралы;
- 2) Ертіс трансшекаралық өзенін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы;
- 3) Қазақстан Республикасында Орхус конвенциясын іске асыру;
- 4) трансшекаралық Жайық өзенін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдауда жұртшылықтың қатысуы.

«Ынтымақтастық және халықты трансшекаралық бассейндердің экожүйесін сақтауға тарту перспективалары» тақырыбындағы үшінші сессия аясында келесі мәселелер талқыланды:

- 1) трансшекаралық өзендердің экожүйелерін сақтау үшін әлеуметтік және экономикалық негіз құру;
- 2) Арал теңізі бассейніндегі апат қаупін төмендету және жеңілдету шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастық.

«Трансшекаралық өзендердің биоалуантүрлілігін сақтау механизмдері» тақырыбындағы төртінші сессия аясында келесі мәселелер талқыланды:

- 1) «Жайық өзенінің экожүйесін сақтау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясына мақсат қою жөніндегі ұсыныстар» ;
- 2) халықаралық бастама: экожүйелер мен табиғи капиталды сақтау жөніндегі бағдарламаларға инвестициялар тарту және бизнестің қатысуы;
- 3) Орал-Каспий бассейнінің негізгі кәсіпшілік балық түрлері қорларының динамикасы (2010-2019 жж. зерттеу деректері бойынша);
- 4) Каспийдің биоалуантүрлілігін зерттеу және сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар (Каспий итбалығы және бекіре тұқымдас балық түрлері).

2. Талқылау нәтижелері бойынша қосымшаға сәйкес дөңгелек үстелдің ұсынымдарын қабылдау.

3. «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК дөңгелек үстелдің ұсынымдарын бірыңғай экологиялық интернет-ресурсқа орналастырсын <http://ecogofond.kz>.

**Дөңгелек үстел төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Экология, геология
және табиғи ресурстар Вице-
министрі**



З. Сулейменова

Хатшы



Ж. Мурзабекова



ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰСЫНЫСТАРЫ «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАЙЫҚ ӨЗ. (ОРАЛ ӨЗ.) ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМАТАМАСЫЗ ЕТУ»

2022 жылғы 19-20 шілде
Орал қ.

Талқылау нәтижелері бойынша дөңгелек үстелге қатысушылар келесі ұсыныстарды әзірледі:

- су ресурстарын теңгерімді пайдалану және өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту мәселесімен жұмыс жасау;
- шағын және орта бизнестің суды пайдалану мөлшері туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету;
- жобалар бойынша барлық мүдделі тараптар үшін «су қауіптеріне» талдау жүргізу;
- шағын және орта бизнестің су үнемдеу технологияларын пайдалануын қамтамасыз ететін механизм құру;
- су тарифтерін көтеру мүмкіндігін қарастыру;
- трансшекаралық өзендер бассейндерінде климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша зерттеулердің орындалуын және бағдарламалардың әзірленуін қамтамасыз ету;
- трансшекаралық комиссиялар жұмысының ашықтығын және оған жұртшылық өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- бассейндік кеңестердің жұмысы туралы кеңінен хабардар етуді және олардың жұмысына жұртшылық өкілдерін қатысуды қамтамасыз ету;
- ұлттық және халықаралық деңгейлерде біртіндеп әлеуметтік-экономикалық дамудың бассейндік экожүйелік принципіне көшу;
- экономиканың әртүрлі салаларында төменгі ағысында суды пайдалану арқылы шаруашылық қызмет нәтижелеріне жоғарғы бизнестің экономикалық мүдделілігін қамтамасыз ететін халықаралық консорциумдар, кластерлер және

басқа да құрылымдар құру, сондай-ақ экспорттық өнімді алыс шетел нарықтарына бірлесіп жылжыту;

- Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің өңірлердегі жұртшылықпен кездесулерін өткізу;

- барлық су пайдаланушыларды, жергілікті қоғамдастықтарды және бизнесті су экожүйелерін сақтау жөніндегі бағдарламалар мен жобаларға тарту және тікелей қатысу үшін, олардың орнықтылығы, өзін-өзі дамыту және инвестициялар тарту үшін Акционерлік бассейндік ұйымдар құру мәселесін зерттеу;

- су ресурстары саласында жоғары білікті мамандарды – инженер-гидротехниктерді, инженер-гидрологтарды, инженер-гидрогеологтарды, сондай-ақ инженер-механиктерді, Су шаруашылығы саласында экономистерді, техник-гидротехниктерді және техник-гидрологтарды, яғни орта техникалық білімі бар мамандарды даярлау мәселесін пысықтау;

- ҚР Су кодексіне «экология», «өзендердің экологиялық ағыны» және «өзен (көл) экожүйесі» терминдерін және «сумен жабдықтау айналымы туралы» баптарды енгізу;

- жер үсті суларының сапасын басқару және су ағынынан (оның ішінде трансшекаралық өзендерде) өзен ағынын және экологиялық ағысты алып қоюға жол берілетін анықтау қағидаттарын әзірлеу;

- еліміздің су ресурстарын бағалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;

- ақпаратпен қамтамасыз ету және қол жеткізу саласында жастарды тарту;

- экология мәселелерінде жастардың қызығушылығы мен әлеуетін арттыру бойынша ақпараттық іс-шаралар өткізу;

- жастар арасында экологиялық мәдениетті арттыру;

- экологиялық мәселелерге жастардың назарын аудару;

- жастар Орхус орталықтарын құру мүмкіндігін қарастыру, жұмыс тиімділігі мен менторлық қолдау мониторингін тұрақты негізде жүргізу.